

A. X. БЕКБОСЫНОВА

СИНОНИМДІК ЖӘНЕ АНТОНИМДІК ТЕҢЕУЛЕРДІҢ СТИЛЬДІК СИПАТЫ

(С. Мәуленов өлеңдері бойынша)

Үлт тілінің бірден-бір байлығының көрсеткіші – синоним сөздер. Синоним сөздер кез келген тілдің қаншалықты деңгейде дамығандығын, оның оралымдылығын ғана көрсетіп қоймай, әр халықтың үлттық таным деңгейін бейнелеуде де айрықша қызмет атқарады. Сөз айтылақ ойды дәл білдіріп, көрсете алса ғана мәнерлік сипатқа ие болады. Сөзге тән осы қасиетті синоним сөздер дәл атқара алады. Қажетті сөзді дәл тауып, орынды қолдана білуде адамның тәжірибесі мен білім коры ескеріледі. Айтылақ ойдың дәл, әрі нақты болып шығуы синоним сөздердің дұрыс таңдаң қолдана білуге байланысты. Шығармадағы синонимдік қолданыс суреткөр шығармаларындағы дүниетанымдық лексика қорының молдығын байқатады. Ақын-жазушылар синонимді бір сөзді бірнеше рет қайталамау мақсатында қолданады. Жалпы синоним сөздер белгілі бір ойды толықтыру, нақтылау, дәл жеткізу мақсатында қолданылатыны белгілі. Қазақ тіліндегі синонимдерді жүйелі түрде зерттеп дамытуда ғалым Ә. Болғанбаевтың еңбегін атап өту аса орынды. Зерттеуші ғалымдардың барлығы да синонимдерді тіл байлығымыздың бір көрсеткіші деп танып, тіліміз синоним сөздерге бай екенін айтып та, жазып та келеді. “...синоним сөздер сөз байлығының құнарлы бір саласы болумен қатар, әр халықтың таным-түсінігін, болмысын да танытады. Әдетте сөз логикалық дәлдігімен, ойлаған ойдың ренктерін өз бояуымен нақты көрсете алса ғана мәнерлік сипатқа ие болады. Мазмұн мен мақсатқа сайма-сай лайықтап алынған сөздер ғана мәнерлі деп танылады. Сөз де килюастырып қаланған кірпіш сияқты шеберлікті керек етеді. Шешенде шебер сөйлеудің бір ұшы – тілдегі синонимдерді қисынның келтіріп, ренқін айқын ажыратып, тап басып, орнымен үйлестіріп жұмсай білуде.

Тілдің табиғатын айқын сезініп, синонимдерді таңдаң, талған пайдаланып, сөйлем ішінде дұрыс қолданудың күнделікті қарым-қатынаста айрықша маңызы бар” [1. 617]. Синонимдердің поэзия тілінде қолданылу ерекшелігі жайлы

академик Р. Сыздық “Синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық ренкі бар, ұқсас мағыналы сөздер болса, олардың қолданысы көркем әдебиетте, әсіресе өлең тілінде ерекше орын алады. Өйткені поэзияда әрбір сөздің мағыналық та, стильдік те жүгі ауыр келеді. Ұылым тілімен айтсақ, әрбір ең шағын көркем контекстің экспрессивтік аркауы – сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында: мағынасы мен мағыналық ренктерінде. Демек, мағыналас сөздер өлең тілінде бір-біріне тен түспейді, әрқайсысының өз қолданылу орны, контекстік ортасы болуы қажет” [2. 465-466] – деп тұжырым жасайды. Жалпы синонимге қатысты айтылған қасиеттердің бәрі синонимдік тенеуге де тән. Әсіресе синонимдік тенеулерде оның көркемдік және бейнелілік қасиеті ерекше қөзге түседі. С.Мәуленов өлеңдерінде тұрақты синонимдік тенеулер жиі ұшырасады және олар бір тенеулік құрылымда кездеспейді, олар ақын өлеңдерінің өн бойында кездесіп, бір ұғымның синонимдік тенеулері ретінде қолданылған. Ақын қолданысындағы тұрақты синонимдердің бір ерекшелігі – белгілі бір сөздің синонимі тенеулік құрылымда образ қызметін атқаратыны және образ берілгенін синонимдік қатынасқа түсе алуы.

1. Өзінді дәмеліге санап қойып,
Алдыңа Алатаудай талап қойып.
Салды олар өлең ата суретін,
Жазғын деп ұлы Абайға қарап қойып [3. 444].
2. Көрем сонда өз елімнің
Асқар таудай табысын.
Көрем сонда өзенімнің
Алып қашқан ағысын [3. 110].
3. Сұсың қара дауылдай,
Қаһарлы туған батырым.
Қазақтың Алатауынай,
Кеудене біткен ақылың [3. 52].
4. Шынына қыран түнеткен,
Алатаудай тұлғалы
Осы жыр шықты жүректен
Эуезов Мұхтар туралы [4. 394].

5. Жатыр мұнда Момышұлы Бауыржан,
Қан майданда жауға тиғен жалындей.
Жатыр мұнда Момышұлы Бауыржан,
Атақ даңқы асқақ Алатауында [5. 44].

Улкен, биік сөздерінің синонимін беруде ақын “көністік” концептінің бірі қазактың тауы – Алатау сөзін тенеу образы ретінде қолданған. Тұракты синонимдік тенеулерде тенеу белгісі көрсетілмеген, бірақ тенеу образынан белгінің – биік екенін аңғаруға болады және тенеулік құрылымда тенеу образы мен белгі де бір-бірімен синоним болып келген, яғни синонимдік тенеудің арқасында тенеу образы – Алатау мен тенеу белгісі – биік сөздері жақын мәндес сөзге айналып тұрғанын байқауымызға болады. Өлең жолдарындағы синонимдік тенеулер көбіне адамның асыл қасиеттерін аңғартуда қолданылған. Сейтіп, синонимдік тенеулер үклас ұғымдардың өсем де бейнелі суретін жасап тұр. Келесі тұракты синонимдік тенеуде де бір нәрсенің ірі, зор екенін немесе көрісінше кіші екенін білдіруде қолданылатын сөздердің синонимі алынған.

1. – Көрінді өне қарасы,
Қалп-қара шойын немене?
Өгіздей бар-ау *шамасы*,
Әлде бұл әлгі кеме ме? [4. 384].
2. Әлденедей құпия сыр шертпектеп,
Желмен ойнап күбірлейді көкпек тек.
Алақандай ақ, қағаздың бетіне
Өлең жазып жатырмын мен етпеттеп [4. 441].

С. Мәуленов өлендерінен бір тенеулік құрылымда кездесетін мәнмәтіндік синонимдерді де кездестіруге болады.

1. Тиетін үрпактарға зәрі күшті,
Миды улап, өртейтүйн жалыны ішті.
Дауылдай, топан судай қантап адам,
Болмайды тұншықтырмай жарылысты [6. 77].
2. Кезін күтіп ұзамай атылатын,
Шолдей, көрдей үмітсіз жатыр ақын [6. 27].
3. *Тенізіндей,*
тауындаай,
аспанындаай
Кайран ақын қасқайып тұр бүгінде [7. 273].

Тенеулік құрылымдағы тенеу образдары – *дауыл* және *топан су өртүрлі* болып келген, бірақ тенеудің сипатталушы мүшесі мен белгі бірдей. Бірнеше жылдар бойы атом бомбасының сынақ аланы болып келген – Семей даласында халықтың дүлей сокқан дауылдай, топан судай қантап, сынақты тоқтатуға арналған наразылықтары бір тенеулік құрылымда берілген. Жылдар бойы уын

аяға жайып, енді біреуінің айықпас дертке ұшыраған халықтың мүшкіл халі ашу-ызыға ұласып, олардың ызы-кегі, наразылығы аласұра соққан дауылға, арнасынан аскан топан суға тенелген. Бір тенеулік құрылымда осы екі образ бір-біріне мағына жағынан мәндес болып, мәнмәтіндік синонимге айналған. Ақын өлендеріндегі мәнмәтіндік синонимдік тенеулерді жеке қолданғанда бір-бірімен еш мағыналық жақындығы жоқ сөздер суреткер шеберлігімен мағына жағынан жуық сөздерге айналған. Жан алып, жан берген Мағжан ақынның тағы да жазықсыздан жалаға ұшырауы және өлім алдындағы үмітсіз халі *шолдей, көлдей* тенеу образдары арқылы берілген. Бірінші образындағы эмоциялық бояуын екінші образындағы эмоциялық бояуы толықтырып, екі образ бір-бірімен синонимдік қатынаста келіп, ақынның дәрменсіздігін суреттегенде, өленнің эмоционалдық-экспрессивтік өсерінің арта түскенін байқаймыз. Келесі өленде де жырлары жүректе сакталған, бүгінде өзі өлсе де, сөзі өлмеген ақынның бейнесі *тенізіндей, тауындаай, аспанындаай* деген мәнмәтіндік синонимдік тенеулерімен берілген. Мұнда да, жеке алып қолданғанда мұлдем синоним деп санауға келмейтін ұғымдар бір-бірімен мағына жағынан үйлесіп, мәнмәтіндік синоним тенеуге айналған. Сонымен бірге мәнмәтіндік синонимдік тенеулерде тенеу образдары бірынғай мүше ретінде қызмет атқарып, бірынғай синонимдік тенеуге де айналғанын байқауымызға болады.

С. Мәуленов өлендерінде антонимдік тенеулер де жиі кездеседі. Жалпы айтайын деген ойынды өсерлі де сенімді жеткізу үшін мағынасы қарама-қарсы ұғымдарды, антоним сөздерді де шеберлікпен пайдалану өр ақынның шығармашылығында жиі кездесетін құбылыс. “Қарама-қарсы мағына санада қарама-қарсы мағыналы сөзді тудыратын қасиетке ие, ал мағына қарама-қарсылығы – осындағы қасиеттер арасындағы қатынас. Қарама-қарсы мағына өзі сияқты басқа семантикалық бірліктермен антонимдік қатынаска тұсу кабілетін анықтайды, ал мағына қарама-қарсылығы антонимдер арасындағы қатынасты білдіреді” [8. 21]. Ғалым К.Аханов:“Антонимдердің стилистикалық қызметі өте қүшті. Қарама-қарсы құбылыстырады салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шенdestіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайфа таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады” [9. 133], – дейді. Контраст суреттер беруде антонимдер де

ерекше қызмет атқарады. “Көркем әдебиет стилінде антонимдердің қызметі де айрықша байқалады. Бұл ерекшелік олардың мағыналық табиғатымен байланысты. Өйткені тіліміздегі осы карсы мәнді сөздердің ақын, жазушылар өз ара қатар алғып, шығарма тілінің көркемдігіне жұмысады” [10. 105]. Қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың стильдік қолданыстағы мағыналық өрісін зерттеген А. Жүсіпов антонимдердің көріктеуші құрал ретінде көркем шығармаларда өте кең стильдік қызмет атқаратының және оның эмоционалды-экспрессивтілік мәнінің зор екенін баса айтады [11. 3]. Ж. Әділбекова “...адамзаттың жағымды/жағымсыз баға беру немесе әсер алу негізінде санада қарама-қарсылық туындаиды, демек екі түрлі жікке сұрыптау немесе екі түрлі жаққа саралау әрекеттері, яғни санада категориялау процестері жүргізіле бастайды. Осында екі жаққа бөлінген нысандардың ең шеткі қарама-қарсы нүктелерін репрезентациялайтын тілдік бірлік – антоним” [12. 6], – деп тұжырым жасайды. Осы аталған қасиеттеріне байланысты болса керек, антонимдер тенеу құрамында да жиек колданылады.

Тенеудің өзі салыстыруға негізделетіні белгілі, ал енді осы тенеуіміз антонимдік тенеуге айналғанда салыстырылып отырған затымыздың немесе күбылысымыздың белгілері барынша нақтылана түсіп, бейнелілік қасиеттің арта түсетінін байқауымызға болады. Антонимдік тенеуде тенеу мүшелері бір-бірімен антонимдік қарым-қатынаста келіп, суреттелміш заттың сапа, қасиеті барынша нақтыланып, көз алдымызға көркем әдіспен қомкерілген бейнелі сурет келеді. З. Қабдолов антонимдердің көркем образ жасаудағы осы ерекшелігін бағалап былай дейді: “Антоним – өмір шындығын өнерде шынайылау тәсілдерінің бірі” [13. 197].

Ұлы Отан оқка оранды.
1418 күн,
1418 түн
Күркірекен аспандай
Қатал жарлық,
1418 күн,
1418 түн
Жалаудай желбіреді
Толагай қаһармандық [14. 86].

Келесі мысалда күн-түн антоним сөздері тенеу образы қызметін атқарып, антонимдік тенеуге айналған.

Тұған жер саған аманат.
Жан сырын осы жаттап ал.
Болмасын *түндей жаманат*.
Күтеміз *кундей хат хабар* [7. 467].

Күн-түн антоним сөз ғана болып тұрған жок, соғыс жағдайы суретtelіп отырған өлеңде түн – жамандық хабаршысы, ал күн – жақсылық, жақсы хабар мағынасында деп түсінуімізге болады. Кейде ақын өлеңдеріндегі жиек колданылатын күн-түн антонимінің адам мінезінің өр қырын ашып көрсетуге қызмет еткенін байқауымызға болады. Антонимдік тенеуде тенеу образдары мен тенеу белгілері де қарама-қарсы мәнде келген.

1. Көресің кей адамды
Түн секілді қараңғы.
Жүргеді ылғы тұгызып
Басыңа ақыр заманды.

Көресің кей адамды –
Жұлдыза жол салады,
Күн секілді жанарлы,
Таң қалдырып галамды [6. 277].

Антонимдік тенеу екі шумак бойында берілген. Қарама-қарсы мәнді сөздер антонимдік тенеуде өрі тенеудің сипатталушы мүшесі, өрі тенеу образы қызметін катар атқаруы да мүмкін. Тенеу заты – қуаныш-қайғы, тенеу образы – қайғы-қуаныш антонимдік мағынада қолданылып, өлең жолдарының бейнелілігін арттыра түскен.

Қуанышы қайғыдай,
Кайғысы қуаныштай,
Сырганаган ірім сүр ағыстай
Жапа жалғыз жапанды жайлагандай
Ешкімменен жүреді сыр алыспай [15. 46].

Кеңістік ұғымы да *жер* мен *көк* және *жер* мен *аспан* да өмірдің алуан түрлі күбылыстарын бейнелеп көрсетіп, антонимдік тенеу жасауға негіз болған.

1. Адамзат, жан-жануар, жәндігі –
Табиғаттың байланыста барлығы.
Бір-біріңсіз сүре алмайды жеke өмір,
Жер мен көктей енишес бір тағдыры [7. 121].
2. Боздақтарды түнде жерлеп арулап,
Қолдан түскен қолға қайта қаруды ап,
Шабуылға шықтық
Жердей,
Аспандай
Кеудемізде кектің оты жалындал [16. 89].

Бұл жағдайда тенеу образы бірыншай қызмет атқарып, өрі қарама-қарсы мағынада қолданылады.

Қайтадан жерді сағынып,
Жұмақпенен тамұқтай

*Қараңғы мен жарықтай,
Тірлідім мен бір күні
Кеп келетін данқтай* [16. 147].

Антонимдік тенеуде тенеу белгілері де қарама-қарсы мағынада қолданылып, антонимдік тенеу жасауға негіз бола алған.

*Алақандардың жылуы,
Сұмбіледей сүйнган,
Әр үйдің ерке сұлуы,
Ізгарға қалай ұрынған* [14. 48].

Тенеулік құрылымда қарама-қарсы ұғымдар қатар синтаксистік тіркеске түсіп, яғни оксюморон түрінде де кездеседі. Мұнда бір-бірін жокқа шығаратын екі ұғым бірігіп кетеді. Көбіне бұл құбылысқа тенеу образы бейім келеді.

1. Алдында алақанын жайған бала, Қолынан келері жоқ қайран ана. Бетіне бедіреіп соры шыққан, Қарайды *тірі оліктей* айналға [6. 14].
2. Әртінде *тірі оліктей* Қалдық қаусап шал екеуміз. Енді не бар қүтерлікте, Енді неден дәметеміз?! [17. 13].

Ақын өлеңдерінде кейде мағыналарында кайшы мәні жок сөздер де бір-бірімен салыстырылып, мәнмәтіндік антонимдік тенеуге айналған. Тілдік жүйеде қарама-қарсылық мағына антоним сөздер арқылы ғана көрініс таппайды, адам кез келген бірлікті санасында қарама-қарсы деп таныса, мәтін арқылы қарсы мән тудыра алады [12. 6].

*Адамдар бар асқардай.
Шақыратын биіске,
Адамдар бар тастардай
Батыратын күйікке,
Адамдар бар бір нәзік
Үлбіреген қыздардай,
Жататұғын құлазын,
Адамдар бар мұздардай.
Қалтыраісын бірінен,
Жарқырайсын бірінен,
Сарқыласын бірінен,
Сарқырайсын бірінен* [14. 32].

Мәнмәтіндік антонимдік тенеудегі тенеу образдары – *асқар* сөзіне *тас* сөзі, қызы сөзіне *мұз* сөзі қарама-қарсы мәнде қолданылған. Тенеу образдарының қарама-қарсы мәнде қолданылуының аркасында тенеу белгілері де қарама-қарсы мағына туғызып, мәнмәтіндік антонимдік тенеуге айналған. Ақын ниеті түзу, пейілі кен, айналасына тек жақсылық нұрын шашып жүретін мінезі жақсы адамды асқар биікке, нәзік мінезді қыздарға, ал мейірімсіз, қолынан жамандық қана

келетін жандардың мінезін суға батыратын күйікке, жанынды қалтыратып тондыратын мұзға тенеиді. Сонда тенеулік құрылымдағы мәнмәтіндік антоним сөздер мынадай болып шығады: аскар –тас, қыз – мұз.

Ақын келесі өлеңде *көл* және *жел* сөздеріне астарлы мән беріп, екі ұғымды қарама-қарсы мағынада жұмысан. Ақын шеберлігінің аркасында антоним деп танылмайтын екі сөз белгілі бір мәнмәтін құрамында қарама-қарсы мәнге ие болған. Мәнмәтіндік антонимдік тенеу образдары лирикалық қаһарманның мінезін ашып көрсетуге қызмет еткен.

*Көңілім бірде көл сияқты,
Аңғарында тұнның жатқан.
Көңілім бірде жел сияқты,
Жапырақтарды шылдатқан.
Бірде тұндей тұмандағатқан,
Бірде күндей мұнарлатқан.
Бірде тұнның, бірде тулас аққан
Кек теніздей шулас жатқан* [18. 32].

Сонымен С. Мәуленов өлеңдерінде синонимдік және антонимдік тенеулер барынша мол қолданылған. Олар белгілі бір ақырат дүниені бейнелеп танытуда және ақырат болмысты барынша нақты көрсетуге қызмет еткен. Әсіресе ақын қолданысындағы мәнмәтіндік синонимдік, антонимдік тенеулер ақынның ақындық шеберлігін барынша ашып, өзіндік қолтаңбасын аңғартып тұр.

ӘДЕБИЕТ

1. *Бизақов С.* Синонимдер сөздігі. Алматы: Арыс, 2007. 640-б.
2. *Сыздықова Р.* Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы: Арыс, 2004. 616-б.
3. *Мәуленов С.* Шығармалар жинағы: 3 томдық. Алматы: Жазушы, 1-т. Өлеңдер. 1982. 480-б.
4. *Мәуленов С.* Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы. 2-т. Өлеңдер. 1983. 464-б.
5. *Мәуленов С.* Құзғ бұлттар. Өлеңдер. Алматы: Жалын, 1987. 304-б.
6. *Мәуленов С.* Ақшамның қызыл қанаты: Жыр кітабы. Алматы: Жазушы, 1994. 384-б.
7. *Мәуленов С.* Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы. 3-т. Өлеңдер. 1984. 488-б.
8. *Жампейісов Ж.М.* «Ақ» – «Қара» концепті: оппозициясы мен қызметі: Филол. ғыл. канд. дис. Алматы, 2007. 131 б.
9. *Аханов К.* Тіл білімінің негіздері: Оқулық, 4-бас. Алматы: Санат, 2003. 496-б.
10. *Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б.* Қазақ тілінің стилистикасы. Оқулық, 3-ші басылым. Алматы: Дәүір, 2005. 256-б.
11. *Жүсінов А.Е.* Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың стильдік қолданыстағы мағыналық ерісі. Оқуқұралы. Кекшетау, 2004. 140-б.

12. Әділбекова Ж.К. Қазақ тіліндегі қарама-қарсылықты мағынаның көркем мәтіндегі көріктеуіштік қызметі: канд. дисс. авторефераты. Алматы, 2007. 24-б.
13. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 352-б.
14. Мәуленов С. Алтын тасқын: Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жазушы, 1981. 136-б.
15. Мәуленов С. Жанбырысyz күz. Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1980. 136-б.
16. Мәуленов С. Сен екеуміз. (Өлеңдер мен поэмалар). Алматы: Жалын, 1977. 160-б.
17. Мәуленов С. Тартыс таңбасы. (Өлеңдер мен баллада). Алматы: Жазушы, 1965. 96-б.

18. Мәуленов С. От пен су. Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1975. 184-б.

Резюме

Рассматриваются стилистические особенности синонимических и антонимичных сравнений в поэзии С. Мауленова.

Summary

The stylistic features of synonymous and antonymous comparision of S. Maulenov's poetry are dissussing in this article.